



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

қолдану арқылы беруді жөн санаған. Шеге-мықтау, бекіту, қатайту мәндерін де өз семантикасында қамтитыны белгілі.

Сонымен, аударма – адамзаттың ой әрекетінің ежелгі түрлерінің бірі. Қоғамдық тарихта түрлі тілде сөйлейтін топтар пайда болысымен, аудармаға қажеттілік пайда болған. Екі немесе бірнеше тілді немесе диалектіні меңгерген алғашқы ауызша аудармашылар әр түрлі тілдерде сөйлейтін адамдар мен тайпалар арасындағы бірін-бірі түсіне алмау шектеуін шешуге ықпал еткен.

Ағылшын тіліндегі сөйлемнің құрамындағы біріккен сөздің мағынасы аудармадағы сәйкес сөйлемнің ауқымында толық ашылмай қалған жағдайда, баламалылық жоғарғы күрделі синтаксистік тұтастықтың аумағында ашылады. Демек, ағылшын тіліндегі біріккен сөздің қазақ тіліндегі мағынасын және оның қазақ тіліне берілу жолдарын айқындауда түпнұсқа мәтініндегі сөйлем мен аударма тіл мәтініндегі оған сәйкес сөйлемді ғана емес, сонымен қатар сөйлем мен оған сәйкес күрделі синтаксистік тұтастықты қоса салғастыру керек. Әр түрлі жүйеге жататын тілдердің материалдарын осылайша салғастыру осы тілдердің ортақ қасиеттерімен қатар, олардың ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиет

- 1.Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелері. – Алматы: Арыс, 1999. – 215 б.
- 2.Бархударов Л.С. Язык и перевод. – М.: Международные отношения, 1975. – 240 с.
- 3.Ахметжанова З.К. Функционально-семантические поля русского и казахского языков (опыт сопост. иссл.). –Алма-Ата, 1989. –108 с.
- 4.Ермагамбетова А.С. Сущность и значения национальных слов-реалий в языкахудожественного произведения и способы их перевода: дисс. ... канд. фил. наук. – Алматы, 1972. – 185 с.
- 5.Исаев С., Нуркина Г. Сопоставительная типология казахского и русского языков. Учебноепособие. – Алматы, 1996. –272 с.

ӘОЖ 811.581 ‘367:512.122

ҚЫТАЙ ТІЛІ МЕН ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН САЛЫСТЫРУ ЖӘНЕ КЕЙБІР КӨМЕКШІ СӨЗДЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЗАТ ЕСІММЕН СЕПТЕЛУІНЕ СӘЙКЕС КЕЛУІ

Әбдіманапова Ләйла Сапарбекқызы

abdimanapova92@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті филология факультеті ШТ-31

тобының студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- М.Шәріпхан

Сөйлем –коммуникативті едінца. Т.Қалибекұлы: «Қытай тілінде сөйлемді сөз немесе сөз тіркестерінен құралған, белгілі интонацияға ие, біршама аяқталған ойды білдіретін тілдік бірлік», - деп анықтама береді. Сөйлемнің жалпылама анықтамасы оны тіл мен сөздің ең шағын коммуникативтік бірлігі ретінде қарастырылуында жатыр. Сөйлем адамның ойын қалыптастыруға және жеткізуге көмектесетін актуалды негіз болып табылады. Тіл үйренудің негізгі мақсаттарының бірі – еркін қарым қатынасқа түсіп, өз ойын дұрыс жеткізе білуде жатыр.Қытай тілін үйренуге құштарланған жастарымыздың талабын ұштау үшін алдымен екі тілде де жай сөйлемдердің жасалу ерекшеліктерін салыстырып таныстыру тіл үйренуде қиындықтарды алдын алуға өз көмегін тигізеді. Біз ана тілімізбен қытай тілдерінің типологиялық негіздеріне талдау жасай отырып жай сөйлемдердің қос тілде жасалу жолдарын салыстырып және қытай тіліндегі көмекші сөздердерді қазақ тіліне аударғанда зат есімнің септелуіне сәйкес келуін сипаттайтын мысалдардытөмендегі №1 кестеде келтірдік.

Мемлекеттік тілде оқытылатын студенттерде қытай тілін ана тілімен салыстыра оқыту өте нәтижелі болмақ. Сондықтан, қытай тілі жан-жақты айтылуы, егжей-тегжей зерттелеуі керек.

Лингвистердің мәліметтеріне қарағанда, дүниежүзінде үш мыңнан астам тіл бар деп есептелсе, оның ішінде қазақ тілі агглюнитативті тілдер типіне, ал қытай тілі даралаушы немесе түбір тілдер типтеріне жатады.

Қытай тілі тілдер генеологиясы бойынша қытай–тибет тобына жатады. «Қазіргі қытай тілінің грамматикалық құрылысының басты ерекшелігі шын мәніндегі сөз формаларына яғни грамматикалық мағыналарды білдіретін сөз түрлендіруші формаларға тапшы. Сондықтан, грамматиканың өзекті саласы морфология емес, синтаксис болып табылады. Морфологиялық өзгерістер (сөз түрлендіруші формалар) дамымаған, қолдану өрісі мен шеңбері тар» [1, 3]. Тіл білімінде сөйлем синтаксистің негізгі ұғымы болып саналады. Сонымен бірге, сөйлем теориясын, ондағы сөздердің орналасу тәртібін зерттеу синтаксистің негізгі міндеттерінің бірі болып саналады.

Жай сөйлемдер сөз немесе сөз тіркестерімен құралады [1, 40]. Қос тілде де жай сөйлемді сипаттайтын үш аспектісі бар. Бірақ, сөйлемді коммуникативтік, құрылымдық және мағыналық аспектілері арқылы өзара түсінісу және сипаттау күрделі мәселе. Сөйлемдердің негізгі белгісі – предикативтілік, модальділік және интонация болса, бұл белгілер екі тілдегі маңыздылығы бірдей емес. Қытай тілінің ең басты белгісі ретінде интонация, одан кейін предикативтілік болып табылуы – қытай тілінің тұлғаланбайтын негізгі ерекшелігіне байланысты. Интонация – қытай тілінде сөйлемді басқа тілдік бірліктерден (сөз тіркесінен) ажырату белгісі және өлшемі болып саналады. Өйткені, қытай тілінде сөз тіркестерін сөйлем деңгейіне көтерілу үшін оған белгілі сөйлемге тәнинтонация қойылуы керек. Ал қазақ тілінің негізгі ерекшелігі – сөйлемнің негізгі белгісі ретінде предикативтілік айтылуы. Мұндай предикативтіліктің қазақ және қытай тілдеріндегі берілуіне байланысты [2, 8].

«Предикативтілік қытай тіл білімінде сөйлемге тән белгі болып есептелгенімен, сөйлемнің негізгі белгісі ретінде қарастырылмайды. Оның себептерін Жу Дышы бастауыш баяндауыш құрылымдарының синтаксистік және семантикалық күйде сөйлем дәрежесіне көтеріле алмайтындығымен түсіндіреді [2, 9]. Қазақ тілінде предикативтіліктің грамматикалық формасы жақтық, шақтық және контекстуалдық (атаулы сөйлемдерде) беріледі. Филология ғылымдарының докторы Ж. Тұрсынәліқызы қытай тіліндегі предикативтілік байланысты бастауыш және баяндауыш арасында жуықтық қиысу болмайтындығын және шақтық мағына баяндауыштың бойынан табылмайтындығын айтады және осының себебінен қытай тілінде предикативтілік семантикалық және коммуникативтілік аспектілерде көрініс табатындығын айтады [2, 9]. Қытай тілінде сөйлемдерде сөздердің әрбір буынында дыбыс екпіні (тон) болады да, осы дыбыс екпіні өзіне тән мағына беріп жататындығы біздің ана тілімізде кездеспейтін құбылыс [2, 34].

Қазақ тілі агглюнитативті тілдің құрамында болғандықтан грамматикалық мағыналар түбірге аффикстердің жалғануы арқылы беріледі де, аффикстердің әрбірі көбінесе тек бір ғана мағынаны білдіреді және олар бірінің үстіне бірі жалғана береді. Мысалы *ту* деген сөзге бірнеше аффиксті жалғап ол сөзді *туыс, туыстар, туыстарым, туыстарымнан* деген түбірде айтуға болады. Негізгі морфемаға аффикстер жалғанып, сөздің морфологиялық құрамы күрделенгенімен, сөздің дыбыстық құрамы негізінен өзгермей, сол күйінде қалады [4492]. Ана тілімізге тән мұндай сөзжасам жолдары қытай тілінің грамматикасында кездеспейді. Сол себепті, қытай тілінің грамматикалық құрылымдарында айырмашылықтар өте көп. Өйткені, қытай тілі даралаушы немесе түбір типті тілдерге жатады. Қытай тілінің негізгі ерекшеліктері деп сөздердің морфологиялық яғни тұлғалық өзгерістерге түспеуін, сөздердің орын тәртібі мен көмекші сөздер грамматикалық мағынаны білдіретін басты грамматикалық тәсілдер арқылы жасалуында болып саналуында [1, 5]. Кейбір көмекші сөздердің қолданылуы қазақ тіліне сөйлем деңгейінде аударғанда зат есімнің септелеуіне сәйкес келеді.

Қазақ тіліндегі ілік септігіне қытай тіліндегі 的 шылауы кей жағдайда аударылғанда сәйкес келсе [5, 73], 给 қытай етістігі және көмекші сөзі қазақ тіліне аударғанда зат есімді

барыс септігіне септейді, 把қытай көмекші сөзі сөйлемде толықтауыш қызметін атқаратын демеулік,қазақ тіліне аударылғанда зат есімді табыс септігіне септеледі, 从қытай демеулігі қазақ тіліне аударылғанда зат есімді шығыс септігіне септеледі, 在көмекші сөз жатыс септігіне сәйкес, 跟қытай демеулігі қазақ тіліне аударылғанда зат есімнің көмектес септікте септелетіні №1 кестеде көрсетілген.

№1 кестеде. Көмекші сөздердің қазақ тілінде септелуі

Септіктер	Сұрақтар	Көмекші сөздер, демеуліктер	Мысалы	Аудармасы
Атау септік	Кім?не?			
Ілік септік	Кімнің? Ненің?	的	他是我们的老师	Ол біздің мұғаліміз
Барыс септік	Кімге?неге? қайда?	给 wang	他给宋华打了一次电话	Ол Сун Хуаға қоңырау шалды
Табыс септік	Кімді? нені?	把	把书看了	Кітапты оқыды
Жатыс септік	Кімде? неде? Қайда?	在	她在上海买很多衣服	Ол Шаңхайда көп киімдер сатып алды
Шығыс септік	Кімнен? неден? қайдан?	从	你刚从西按回北京	Сен жаңа ғана Сияннан Бейжиңге оралдың
Көмектес септік	Кіммен? немен?	跟	星期天我常常跟林娜去小商场	Жексенбі күні менЛиннамен бірге жиі-жиі кішкентай сауда орталығына барып тұрамыз

Кестеде көрсетілген мысалды сиппатасақ, көмекші сөздердің қытай тіліндегі қолданылуы қазақ тіліндегі зат есімге сәйкес септелініп, сөйлемде сөйлем мүшелерінің қызметін атқарып тұр. Төменде оларға жеке-жеке тоқталайық:

的 қытай тілінде анықтаушы ретінде келетін демеулік шылау да болып келеді және бастауыш пен баяндауыштың арасында байланыстырушы ретінде анықтауыштың қызметін атқарады. Сөйлемде的 шылауын қазақ тіліне аударылғанда «кімнің» сұрағына жауап беріп, есім сөзге яғни зат есім «сен» және оның ілік септігінің жалғауы «нің» жалғанып, әрі зат есім септеліп,әрі анықтауыш қызметін атқарып тұр.

给өзінің алдына келген сөзгеадресат мағынасын беретін демеулік немесе көмекші сөз[6,71]. Мысалы: кестеде көрсетілгендей өзінің алдындағы сөзге жалғаныпкімге?деген сұраққа жауап беріп, барыс септікте тұр. Сөйлемде аударылғанда толықтауыш қызметін атқарады.

把 іс-әрекеттің нысанын толықтырушы демеулік[7, 27]. 把қытай көмекші сөзі зат есіммен бірге келіп оның алдына орналасады және «把+ зат есім» тіркесімен қолданылады. «把+ зат есім» қазақ тілге аударғанда зат есімнің табыс септігінде септеледі. Қазақ тілінде табыс септігі «кімді? нені?» деген сұрақтарға жауап береді және « -ды, -ді, -ты, -ті, -ны, -ні » жалғауларымен беріледі.Сөйлемде аударылғанда толықтауыш қызметін атқарады.

在 мекенді білдіретін демеулік[6,131]. Кестедегі мысалда *қайда?* деген сұраққа жауап беріп, жатыс септігінде тұр. Сөйлемді аударғанда пысықтауыштың қызметін атқарып тұр.

从 мекенді білдіретін демеулігі сөйлемде зат есімнің алдында қойылады есім сөздің бағытын көрсетеді [7,3]. Сөйлемде «从+зат есім» түрінде қолданылады. Қазақ тіліне аударғанда зат есімді шығыс септікте септейді және үстеудің қызметін атқарады. Қазақ тілінде шығыс септігі «кімде? неде?» деген сұрақтарға жауап береді және «- нан,- нен,- дан,- ден,- тан,-тен» жалғаулар жалғану арқылы жалғанады. Сөйлемде аударылғанда пысықтауыш қызметін атқарып тұр.

跟 демеулігі қытай тілінде зат есімнің немесе есімдіктің алдында келіп сол есіммен бірге мағынасын береді[8,117]. Сөйлемде «跟+зат есім» тіркесі ретінде қолданылады. Қазақ тіліне аударылғанда зат есімді көмектес септікте септеліп, толықтауыш қызметін атқарып тұр. Қазақ тілінде көмектес септігі «кіммен?немен?» деген сұрақтарға жауап береді

Қорытындылай келе, қытай тілі мен қазақ тілімен салыстырсақ қытай тілінде синтаксистік қатынастар сөздердің формалары арқылы емес, сөздердің орын тәртібі , көмекші сөздер және интонация арқылы беріледі. Сондықтанда қытай тілі грамматикалық құрылысына қарасақ аналитикалық тілдерге жатады. Қазақ тілінде көмекші сөздер мен дыбыс екпіндерінің орнына аффикстер (жалғау мен жұрнақтар) түбірге жалғану арқылы сөйлемде синтаксистік қатынастарды айқындайды. Бұндай айырмашылық қазақ тілінің грамматикалық құрылысының синтетикалық тілдер тобына жататынын көрсетеді. Сондықтанда сөйлемнің предикативтілік белгісі қос тілге де тән болып, әр тілдің өзіндік ерекшелігіне байланысты әртүрлі белгімен беріледі. Қытай тілінде предикативтілік интонация арқылы іске асуымен байланысты. Интонациясыз предикативті құрылым сөз тіркесі ретінде қарастырады. Кейбір көмекші сөздердің өз орын тәртібінде қолданылуын қазақ тіліне аударғанда шылауы кей жағдайда аударылғанда зат есімнің септелуіне сәйкес келуімен сипатталады. Тілді оқыту оның мәдениетімен таныстырудан ажыратылмайды. Себебі: тіл мәдениеттің бір элементі. Бес мың жылдық мәдениеті мен үш мың жылдық әдебиет тарихына ие қытай ұлтының тілімен танысуы жастарымыздың ғаламдық интелегенциялылық және саяси-дипломатиялылық дамуына жетелейді.

Қолданылған әдебиет

- 1.Қалибекұлы Т. Қазіргі қытай тілінің грамматикасы-Алматы:2004,197б
- 2.Тұрсынәліқызы Ж. Қытай және қазақ тілдік қос құрамды және жай сөйлемнің құрлымдық мағыналарының аспектілері- Алматы:2004,12б
- 3.Мәсімхан Д., Мамытхан Қ. Қытай тілі фонетикасының негіздері -Алматы: Қазақ университеті 2001,162б
- 4.Аханов К.Тіл білімдерінің негіздері- Алматы:1993, 505 б
- 5.Жылқыбекұлы Б. Қытай тілінің әліппесі-Алматы: Мерей баспасы.2011-108 б.
- 6.Сирко Е. Новый практический курс китайского языка 1том- Бейжин:Beijinglanguage andculture2006 ,245 с.
- 7.Сирко Е. Новый практический курс китайского языка 2 том- Бейжин:Beijinglanguageandculture2006 ,249 с.
- 8.Нұрсайдов М.,Әкімханұлы Е. Қытай тілі- Алматы: «Ғылым» ғылым баспа орталығы 2001,209 б.